

## Қазақстан Республикасының Бас архив басқармасы қызметінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 17 мамыр N 393. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 810 қаулысымен

Республикада архив ісінің дамуын және құжаттардың түзілуі мен құжат айналысы процестерін мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ жергілікті өкімет және басқару органдарымен бірлесе отырып, министрліктер мен ведомстволардың, басқа ұйымдардың осы мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы (Қазақстан Республикасының Бас архиві) болып қайта құрылсын.

2. Архивтер мен құжаттама Бас басқармасына: республиканың барлық аумағында архив ісі мен құжаттардың түзілуі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат пен мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, жергілікті өкімет және басқару органдарының, мемлекеттік емес ұйымдардың және құжаттары мен архивтері, архив қорлары мен коллекциялары жалпыұлттық құндылық болып танылатын жеке азаматтардың осы мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру;

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын құру және оның қызметі, жұмыс істеуі, архивтерді, архив қорлары мен коллекцияларын олардың қай жерде орналасқанына және меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру;

тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерін қорғау және оларды мемлекеттік сақтауға қабылдауды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архив қызметін басқару; архив ісі мен құжаттардың түзілуі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау;

республикада архив ісін және құжаттар мен құжаттамаға қатысты бүкіл жұмысты өркендетудің мемлекеттік бағдарламаларының жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына енетін құжаттар бойынша ақпараттар желісі мен мәліметтер базасын құру;

архив құжаттарын басып шығаруды, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында отандық тарихты объективті баяндау, мәдениет пен тәрбиені дамыту, халық шаруашылығының міндеттерін шешу мақсатында пайдалану мен жариялауды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының аумағында архив ісі жөніндегі заңдардың сақталуына, мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан архивтер мен құжаттамаларды жүргізудің белгіленген талаптарын орындауына мемлекеттік бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің шетелдік байланыстарын дамыту және үйлестіру, архив ісі мен құжаттаманы басқару жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің архив ісі мен құжаттаманы басқару мәселелері жөніндегі, соның ішінде бұрынғы КСРО мемлекеттік архивтеріне қатысты құқықтық мұрагерлік мәселелері жөнінде көпжақты және екіжақты келісімдерді жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасының жүйесіне Қазақстан Республикасының барлық Мемлекеттік архив қызметі мекемелері, соның ішінде архив ісі мен құжаттаманы басқарудың республикалық және облыстық органдары, әр түрлі бағдардағы мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдары, жергілікті әкімшіліктер жанындағы аудандық (қалалық) архивтер мен құжаттарды микрофотокөшірмелеу және қалпына келтіру лабораториялары кіреді деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы орталық аппараты қызметкерлерінің саны 28 адамнан тұратын (қызмет көрсету және ғимаратты қорғау жөніндегі қызметшілерді есептемегенде) болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасына басқарма бастығының бір орынбасары мен 7 адамнан құралған алқа болуына рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналып республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасының бастығына белгіленген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде Бас басқарманың орталық аппараты мен оған ведомстволық бағыныстағы мекемелердің құрылымы мен штатын бекіту құқы

б е р і л с і н .

8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасына қызмет бабында пайдаланылатын бір жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы туралы ереженің жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті табыс етсін.

10. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы туралы ережені және Қазақ ССР-інің орталық мемлекеттік архивтерінің жүйесін бекіту туралы" 1980 жылғы 15 тамыздағы N 326 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., N 18, 45 бап);

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Юстиция министрлігі жанындағы Бас архив басқармасын Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы етіп қайта құру туралы" 1989 жылғы 27 қаңтардағы N 48 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1989 ж., N 7, 28 бап).

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*